

# Тасқа жазылған дастандар

- Күлтегін

- Тоныкөк

- Білге қаған



Күлтегін

Күл тегін (684-731ж.ж.) - Құтлық (Елтеріс) қағанның екінші ұлы, Білге қағанның (Могилян) туған інісі. Шешесі Елбілге қатұн. Ачынұ текті.

Күлтегін 7 жас кезінде әкесі Құтлық ( 680-692 ж. билік құрған) қайтыс болады. Қаған тағына оның інісі Қапаған (692-716 ж.) отырады. Күлтегін мен Білге, Қапағанның інісі Бөгүні (716 ж.) тақтан тайдырып, қағандық билікті Білге қолына (716-734 ж.) алады.

Екінші Шығыс Түрік қағанаты әскерінің бас қолбасшысы, «көк түріктің көк семсері» атанған атақты батыры. Әкесінен жастай жетім қалып, ағасы Қапаған қағанның тәрбиесінде өскен Күл тегін тым ерте есейіп, қабырғасы қатып, бұғанасы бекімей жатып, жау жарағын асынып, түрік еліне тұс тұстан төнген басқыншы жауға қарсы үлкендер қатарында тұрып, ерлікпен күреседі. Бұл ретте түріктің атақты Білге қағаны Күл тегін батырдың басына қойылған ескерткіші тасқа ойып жаздырған ғұмырнамасында: «әкем қаған өлгенде інім Күлтегін жеті жаста қалды. Он жаста Ұмай текті шешемнің бағына інім Күлтегін ер атанды» деп жазды.

Тарихи деректерді салыстыра зерделесек, бұдан Күлтегіннің он жасында ер атанып, алғаш көзге түскен соғысының табғаш елінің әйел патшасы У хыудың Қапағанның басына ақша тігіп, кімде кім оны өлтірсе, соған «Жан чо» («Чоны өлтіруші», яғни Мочо Қапағанды өлтіруші) деген атпен бірінші дәрежелі кінәз атағын беремін деген уәдесін арнайы жарлықпен бекітіп, түрік еліне жазалау жорыққа қалың қол аттандырғаннан кейінгі, 694 жылғы Жау жыу және Дин жыу аймақтарында болған соғыс екені анық көрінеді. Қапаған осы соғыста 90 мың тұтқынды қолға түсірген. Міне, осыдан былай Күлтегіннің ерлік жолы басталады. Тарихи деректер сол кездегі ел тәуелсіздігін сақтап қалу жолында болған қырғын соғыстардың бірде біреуінің Күлтегінсіз өтпегенін, дулығасы жарқырап, жауын жапырып қан майданның ортасында жүргенін тамсана баяндайды. Бұл арада сол деректерді тізіп жатпай ақ, батырдың өзіне арнап орнатылған ескерткіштегі мына жазулардан да біраз жайды аңғаруға болады. Тас жазудың авторы Йолығ тегін Күлтегін ерлігін былайша тізбелейді:

# Күлтегін жазуы



**Күлтегін жазуы** – ежелгі түркі жазба ескерткіші. [Моңғолиядағы](#) Қарабаласаған қаласының қираған орнынан солтүстікке қарай 40 км жерге, [Орхон өзені](#) бойындағы Эрдени Цзу монастырының (8 ғасыр) жанына орнатылған. Ескерткіштің биіктігі 3,15 м., ені 1,34, қалыңдығы 0,41 м. Тас бағана бес бұрышты қалқан тәрізді, қырларында айдаһардың суреттері мен қаған таңбалары бейнеленген. Күлтегін ескерткіші туралы алғашқы мәліметтер 19 ғасырдағы батыс зерттеушілерінің еңбектерінде жариялана бастады. Екі құлпытастағы құпия жазуларды түркітанушылар көпке дейін оқи алмай келді. Ғалымдар арасында тастағы белгісіз жазуларды көне кельт, гот, грек, славян, Скандинавия, финн, тіпті моңғол немесе қалмақ жазулары деген тұжырымдар болды.

«[Күлтегін](#)» жырының кіші жазуындағы екінші топтаманың алғашқы үш жолы Білге қағанның түркі халқына айтқан үндеу сөзі, одан кейінгі төрт жол өлеңде Түрік қағандығы жерінің ұланғайыр кең екендігі, одан кейінгі екі жол осы топтаманың түйіні - түркі елінің жері мол, ал халқы көп екендігін баяндауға арналған. «Күлтегін» жырының үлкен жазуы көлемі жағынан 428 өлең жолынан тұрады (құлпытастағы руналық жазу бойынша есептегенде 53 қатар). Бұл жыр дербес алты хикаядан, яғни алты оқиғадан құралған. **Бірінші хикая** - түркі халқының ұлы ата-бабалары туралы; **екінші хикая** - түркілерді табғаштардың бағындырып алғаны жөнінде; **үшінші хикая** - Елтеріс қағанды сипаттауға арналған; **төртінші хикая** - Қапаған қаған туралы; **бесінші хикая** - Білге қаған жайлы; **алтыншы хикая** - Күлтегін туралы.



ТОНЫКӨК





Тоныкөк (646-738) — көне түркі қағанатының бас қолбасшысы, қағанабызы (кеңесші). Көк түркілердің ақ сүйектер әулетінен. Жастай Қытай императорлар мектебінде дәріс алған. Одан соң алты—жеті жылдай мемлекет қызметін атқарады. 679 жылғы көтерілісте түркілерді қолдағаны үшін түрмеге отырғызылады. Қандастары арасында зор беделге ие болады. Соны өз мақсаттарына пайдаланбақ болған қытай билеушілерінің арам айласы іске аспай, арнайы тапсырмамен жіберілген Т. келген бетте-ақ көтерілісшілер қатарына қосылады. Әйгілі әскербасы көне дүниенің кемеңгер көсемдерінің бірі болған, Оның терең ойлы сөздерінде зор отансүйгіштік пен көрегендік рух бар.

**Тоныкөк (Тоңыұқық) - Екінші Шығыс Түркі қағанатының негізін қалаушылардың бірі, оғыз тайпасынан шыққан ұлы дана, заманында Түркі қағанатының үш бірдей қағанына уәзір болып, түркі елінің халқын көбейтіп, жерін кеңейтуге үлкен үлес қосқан кемеңгер. Көшпелілер тарихында артында өшпес атақ даңқын қалдырып; ақыл парасатына, қол қайратына, көрегендігіне табындырып; ел жұртының қасіретін, қуанышын, ерлігі мен елдігін тасқа жыр ғып қашап, мәңгілік мұра қалдырған Тоныкөктей тұлға болған емес.**



**Сол тас жазуда**

**«Мен, Білге Тоныкөк, табғаш (қытай) елінде тәрбиеленіп өстім. Түркі халқы ол кезде табғаштарға бағынышты еді» деп жазылған. Бұдан Тоныкөктің түрк тайпасы көсемдерінің бірінің баласы екені анық аңғарылады. Өйткені ол кезде көшпелілердің тек ел басыларының қытайға аманатқа берген балалары ғана император сарайында оқып, тәрбиелене алған.**

Орхон-Енисей мәтіндерінде бірінші жақтан баяндалатын Тоныкөкке арнаған жазулар бар. Қаһармандық оқиғалар жайындағы әңгімелер былайша аяқталады: "Онда мен, ақылгөйдей Тоныкөк, сол жерге жеттім, сырты алтын, ашық күміс, әйелдер және қыздар жамылғылар (кілем) және асыл заттар сансыз көп әкелінді. Менің қағаным ақылгөй Тоныкөктің ой-пікірін тыңдады да айтты... Мен оған ақылдылық ағайын және даңқ ағайын ретінде бағындым".



Тоныкөк ескерткіші

A green ribbon graphic with a central rectangular section. The ribbon is dark green with a thin dark outline. The central section is a lighter shade of green and contains the text "Білге қаған" in white, serif font. The ribbon flares out at the top and bottom, creating a wide, open shape.

Білге қаған

# Білге қаған



Қаған

Ізашары

Бөгү хан

Дүниеге келгені

683

Өтүкен

Қайтыс болғаны

734



Білге қаған (көнетүркіше *Arslan Bilge qayan*; қыт. 毗伽可汗 — *Бике кыхан*, *Могилян*) (683—734) — Түрік Елінің 717—734 жж. билік құрған қағаны. Ол 683 ж. Орхон өзені бойындағы Өтүкенде туған. Құтлық қағанның (Елтерістің) үлкен ұлы, Күл-тегіннің ағасы. Шешесі Елбілге қатун. «Ачынұ» текті.

Түрік Елінің бірегей тұлғасы атанған ол інісі Күлтегінмен бірге елдің қамы, жердің тұтастығы үшін күресіп, көшпелілер тарихында ұлы империяның іргесін бекітті. Ол күллі көшпелілер империясының тұғырын сомдап, түрік тектес этностардың бірлігін сақтай отырып, елдің мұңы, жердің қамы үшін «түнде ұйықтамай, күндіз отыра алмай» күресті.

Білге қаған 9 жас кезінде әкесі Құтлық (680—692 жж.) қайтыс болады. Түрік Елінің тағын оның інісі Қапаған (Қабаған) (692—716 жж.) иеленеді.

Қапағанның інісі Бөгүден (716 ж.) кейін таққа отырған Білге қаған 19 жыл билік етеді. Білге қаған 13 жасында шад атағын алады.

# Білге Қаған Ескерткіші



Білге Қаған Ескерткіші— Орхон түркі жазба ескерткіштерінің ішіндегі көлемі мен мазмұны жағынан ең үлкені әрі аса ірі “мәңгі тас” (көне түркі тілінде — “Беңгү таш” ) қатарына

жататын ескерткіш кешен. Күлтегін ескерткіш інен 0,5 км жерде орнатылған. Білге Қаған Ескерткіші мен Күлтегін ескерткішін орыс ғалымы Н.М. Ядринцев тауып (1889), оны белгілі түркітанушы В.В. Радлов Дания ғалымы В.Томсен анықтаған әріптік жүйемен оқыды (1894). Білге Қаған Ескерткішін А. Аманжолов, Ғ. Айдаров, т.б. ғалымдар әр қырынан қарастырып, зерттеген. Ескерткіш Екінші Шығыс Түрік қағанатының атақты қағаны — Білге қағанға арналған. Көне түркі бітік жазуындағы Білге қаған есімі қытай жазбарында рі-кіа, мо-кі-lien, mo-gi-lan [могилен] т.б. кездеседі. Сол себептен ғалымдар “Білге қаған” лауазымы, ал “Могилиен, могилян” — оның өз аты дейді

СОҢЫ